

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ

Келісілді

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ
«Ұлағат» баспасының директоры


«02» 04 2024 ж. Балықов Н.Р.

Бекітілді

«Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ
Зерттеу ісі және инновация жөніндегі
проректор


«02» 04 2024 ж. Сұлтан Е.

**«ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» ЖУРНАЛЫНЫҢ
РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» журналы – 2009 жылы құрылған, республикалық ғылыми-әдістемелік басылым.

«Педагогика және психология» журналының тақырыптық бағыты – білім берудің барлық сатылары мен деңгейлерінің заманауи проблемалары.

Журнал бөлімдері:

1. Заманауи білім берудің инновациялық тәсілдері мен тәжірибелері.
2. Білім беру саласы мамандарын кәсіби дамытудың психологиялық-педагогикалық проблемалары.

Басылымның редакциялық стратегиясы келесі ережелерге негізделеді:

Жарияланымға материалдарды іріктеу процесінде бейтараптылық пен объективтілік;

Зерттеулердің ғылыми құндылығы мен әдіснамалық дұрыстығына қатысты жоғары стандарттар;

Мақалаларды жариялау туралы шешім қабылдауда консенсустық тәсіл;

Авторлармен тиімді және жедел байланысты қамтамасыз ету;

Зияткерлік меншік құқықтарын қатаң сақтау;

Басылымның белгіленген кестесін қатаң ұстану;

Бір автордың жарияланым жиілігін күнтізбелік жылда екі ретке дейін шектеу.

Журналдың мақсаты: заманауи білім беруді жетілдіретін ғылыми білімдер мен инновациялық әзірлемелерді ашық талқылауға, жүйелеуге, жақты талдауға және таратуға отандық және шетелдік зерттеушілерді тарту.

Журналдың міндеттері:

- қазіргі білім берудегі инновациялық тәсілдер мен тәжірибелерді анықтау және тарату;
- білім беру саласы мамандарының кәсіби дамуындағы психологиялық-педагогикалық проблемаларды зерттеу;
- білім беру саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелерін жариялау;
- тәжірибемен және озық тәжірибелермен алмасу арқылы педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға септігін тигізу;

- қазіргі білім беру мәселелерін шешуде педагогика мен психология арасындағы пәнаралық диалогты қолдау.

Журналдың мақсатты аудиториясы: білім беру мен ғылым саласы ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамы; ғылыми қызметкерлер, зерттеушілер, докторанттар, магистранттар, студенттер, тәрбиешілер, мұғалімдер мен білім алушылар және т.б.

Журнал ғылыми дәрежесін алу үшін диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін және ғылыми атағын алуға басылымдарын жариялауға ҚР ҒЖБМ БКССҚ ұсынылатын, рецензияланатын жетекші ғылыми журналдар тізіміне кіреді. Журнал ғылыми дәйексөз индексінің республикалық жүйесіне – Қазақстандық дәйексөз базасына (ҚазДБ) енгізілген.

«Педагогика және психология» журналы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті базасында құрылған және Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркелген. *Алғашқы есепке қою күні мен нөмірі:* 24.06.2009 ж. №10219-Ж.

КУӘЛІК мерзімді баспа басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы №KZ22VPY00084314, 22.12.2023 жылы Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетімен берілген.

22.12.2023 жылғы ПжП-ны қайта есепке қою туралы куәлік
Басылым идентификаторы: ISSN 2077-6861 (онлайн 2960-1649)
Жариялау мерзімдері: жылына 4 рет
Келіп түскен материалдарды қарау мерзімдері: 1-6 ай
Жариялау тілі: ағылшын
Журналдың шығарылу кестесі:
№ 1 – наурыз
№ 2 – маусым
№ 3 – қыркүйек
№ 4 – желтоқсан

РЕЦЕНЗИЯЛАУ

«Педагогика және психология» журналына келіп түсетін мақалалар қос жасырын рецензиялаудан өтеді. Рецензиялауға мақалаларға қойылатын қатаң талаптарға сәйкес рәсімделген және «Антиплагиат» жүйесінде тексеруден өткен (шекті деңгей 75%) ғылыми мақалалар жіберіледі. Рецензенттер рецензияланатын мақала тақырыбына сәйкес жарияланымдары бар, редакциялық алқа құрамына кірмейтін, Абай атындағы ҚазҰПУ ғалымдарының (ішкі рецензенттер) және Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарының, жақын және алыс шетелдердің (сыртқы рецензенттер) ғалымдары болып табылады. Рецензенттер журналдың онлайн жүйесінде тіркелген рецензенттер дерекқорынан редакциялық алқаның шешімімен тағайындалады.

Мақаланы қарау процедурасы

Автор мақаланы OJS (Open Journal System) жүйесі арқылы журнал сайтына орналастырады. Редактор мақаланың журналдың бағыты мен бөлімдеріне, мақаланы рәсімдеу талаптарына сәйкестігін тексереді, «Антиплагиат» жүйесі арқылы заңсыз иемденуге тексеруден өткізеді. Редактор автор қабылдаған мақалаға рецензенттерді тағайындайды. Рецензент өзіне жіберілген мақаланы OJS онлайн-рецензиялау

жүйесінде белгіленген мерзімде қарайды, рецензиялаудың ең ұзақ мерзімі 2 апта. Рецензия үлгісі қолданылады. Рецензент журналдың редакциялық алқасына келесі шешімдердің бірін ұсынады:

- жариялауға қабылдау;
- шартты түрде қабылдау (пысықтауға жіберу);
- қабылдамау (кері қайтару).

Ішкі және сыртқы рецензенттердің қорытындылары негізінде журналдың редакциялық алқа келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

- екі оң рецензия алған жағдайда мақала журналдың бір нөмірінде жарияланады;
- рецензенттер арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда мақаланы жариялау туралы түпкілікті шешімді редакциялық алқа қабылдайды;
- елеулі ескертулер болған жағдайда мақала ескертулерді жою үшін авторға қайтарылады (мерзімін жауапты редактор белгілейді), пысықталған нұсқа қайта рецензиялауға жіберіледі;
- қайта теріс рецензия алған жағдайда мақала қабылданбайды және одан әрі қаралмайды.

Редакциялық алқа мақаламен жұмыстың кез келген кезеңінде мақаланы қабылдамауға құқылы. Қабылданған шешім туралы авторға журналдың онлайн жүйесінде (OJS) тиісті хабарлама жіберіледі.

Рецензиялауға қойылатын талаптар:

- ғылыми мақаланы объективті бағалау;
- мақала мазмұнының журналдың тақырыптық бағыттарына сәйкестігін кешенді талдауды қамтуы;
- мазмұнның мәлімделген тақырыпқа сәйкестігін бағалау;
- аннотация мен кілт сөздердің сапасын бағалау;
- зерттеу жаңалығы мен нәтижелерінің практикалық маңыздылығын бағалау;
- қазақстандық және шетелдік библиографиялық дереккөздерге сілтемелердің болуын бағалау.

Сондай-ақ, ғылыми материалдың баяндалу анықтығы, грамматикалық, пунктуациялық және логикалық қателердің болуы бағаланады.

Құпиялылық

Рецензиялауға ұсынылған материалдар мен жарияланбаған деректер автор(лар)дың жазбаша келісімінсіз рецензенттердің жеке зерттеулерінде пайдаланылмайды. Рецензиялау нәтижелері құпия болып табылады. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда рецензенттерге мақаланы рецензиялауға рұқсат етілмейді.

ЖАРИЯЛАУ ЭТИКАСЫ

Негізгі ережелер: «Педагогика және психология» журналының редакциясы өз жұмысында Қазақстанның білім беру зерттеушілерінің Этикалық кодексін басшылыққа алады. Журнал редакциясы халықаралық ғылыми қоғамдастықта қабылданған этикалық нормаларды сақтау үшін барлық мүмкіндікті жасайды, өз жұмысында да, өзара қарым-қатынаста да осы нормалардың бұзылуына жол бермейді.

Бас редактордың міндеттері:

- журналға тікелей басшылық жасайды;
- журналдың баспа қызметіне қатысты мәселелерді үйлестіреді;

- журналдың көркемдік-техникалық безендірілуіне байланысты мәселелерді шешеді;

- журнал қызметін жетілдіру, оның жұмысының тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізеді;

- журнал қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

- жұмыс орындарында жоғары өнімді және сапалы еңбек етуге арналған оңтайлы жағдайлар жасауды қамтамасыздандырады;

- журнал қызметкерлерінің университет Жарғысы мен ережелерін, оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын бақылайды;

лауазымдық нұсқаулықта берілге өзге де міндеттерді орындайды.

Бас редактордың орынбасарының міндеттері:

- журнал қызметін тікелей ұйымдастырады;

- журналдың баспа қызметін үйлестіреді;

- мақалалардың қолжазбаларын және оларға берілген рецензияларды қарайды;

- жариялауға қабылданған қолжазбаларды қарайды, бұл ретте авторларға қажетті көмек көрсетеді (құрылымын жақсарту, терминдерді таңдау, иллюстрацияларды рәсімдеу және т.б.), олармен ұсынылатын өзгерістерді келіседі;

- авторлардың рецензенттердің ескертулерін, қолжазбаларды пысықтау кезіндегі талаптарды сақтауын, ұсынылған материалдардың толықтығын, қолжазбалар атауларының олардың мазмұнына сәйкестігін тексереді;

- мақалаларды рецензиялау бойынша жұмысты үйлестіреді;

- ғылыми мақалалардың авторларына, журнал шығару жөніндегі құрылымдық бөлімшелерге кеңес береді;

- журналдың көркемдік-техникалық безендірілуіне байланысты мәселелерді шешуге қатысады;

- журнал қызметкерлерінің университет Жарғысы мен ережелерін, оның ішінде Ішкі еңбек тәртібі ережелерін, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауын бақылайды;

- лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

Ғылыми редактордың міндеттері:

- келіп түскен материалдарға ғылыми сараптама жүргізеді;

- мақалалардың журналдың тақырыбы мен ғылыми деңгейіне сәйкестігін бағалайды;

- ұсынылған зерттеулердің өзектілігі мен жаңалығын тексереді;

- жұмыстардың әдіснамалық негізділігін талдайды;

- пайдаланылатын дереккөздердің сапасы мен өзектілігін бағалайды;

- дәйексөздер мен сілтемелердің дұрыстығын тексереді;

- мақалалардың ғылыми мазмұнын жақсарту бойынша ұсыныстар береді;

- редакциялық алқаға ғылыми мәселелер бойынша кеңес береді;

- жарияланымдардың ғылыми деңгейін арттыруға ықпал етеді;

- жарияланатын материалдарда ғылыми этиканың сақталуын қадағалайды;

- мақалалардың ғылыми мазмұны бойынша авторлармен өзара әрекеттеседі;

- журналды дамыту стратегиясын әзірлеуге қатысады;

- лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

Жауапты хатшының міндеттері:

- материалдарды баспаға жоспарлауды, уақтылы және сапалы дайындауды ұйымдастырады және бақылайды;

- журналға материалдарды іріктеуді жүзеге асырады, мақалалардың жариялану кестесінің орындалуын бақылайды;

- жариялауға қабылданған қолжазбаларды қарайды, бұл ретте авторларға қажетті көмек көрсетеді (құрылымын жақсарту, терминдерді таңдау, иллюстрацияларды рәсімдеу және т.б.), олармен ұсынылатын өзгерістерді келіседі;

- авторлардың рецензенттердің ескертулерін, қолжазбаларды пысықтау кезіндегі талаптарды сақтауын, ұсынылған материалдардың толықтығын, қолжазбалар атауларының олардың мазмұнына сәйкестігін тексереді;

- келтірілген сілтемелер мен сандық деректердің орфографиясын, атаулардың, терминдердің, өлшем бірліктерінің дұрыс қолданылуы мен жазылуын, қолданылатын таңбалардың стандарттарда белгіленген немесе журналдың қабылданған талаптарына сәйкес белгіленуін тексереді;

- лауазымдық нұсқаулықта көзделген өзге де міндеттерді орындайды.

Рецензенттердің (ішкі және сыртқы) міндеттері:

- рецензиялау алдында журналдың онлайн жүйесіне келісімі немесе дәлелді бас тартуы негізінде енеді;

- мақаланы қарау кезінде құпиялылық қағидатын сақтайды;

- автордың жеке сынына жол бермей, ғылыми жұмысқа объективті баға береді, өз пікірін нақты және дәлелді түрде білдіреді;

- қаралып отырған мақаланың қолжазбасы мен жарияланған жұмыстар арасындағы елеулі ұқсастықтарды немесе сәйкестіктерді анықтайды;

- автор(лар)дың жазбаша келісімінсіз қарауға ұсынылған және жарияланбаған деректерді жеке мақсаттарда пайдалана алмайды.

Авторлардың міндеттері:

- редакцияға бұрын жарияланбаған, талаптарға қатаң сәйкес ресімделген және мұқият өңделген ғылыми мақала материалдарын ұсынады;

- мақалада баяндалған фактілердің дұрыстығына жауапты болады;

- қажет болған жағдайда мақала материалдары бойынша қосымша деректер ұсынады;

- мақалада басқа адамдардың зерттеуге қосқан үлесін көрсетеді, алғыс білдіреді және т.б.;

- қателер анықталған жағдайда оларды қысқа мерзімде түзету шараларын қабылдайды.

Авторлық құқықтар

Қолжазбаның авторлығы қолжазбаны жасауға, идеяны қалыптастыруға, мақала жазуға, нәтижелерді түсіндіруге тікелей қатысқан және ғылыми нәтижелерге қол жеткізуге елеулі үлес қосқан зерттеушілерге тиесілі. Авторлар өз қолжазбаларына құқықтарын сақтай отырып, барлық тілек білдірушілерге оларды еркін жүктеуге, таратуға немесе көшіруге рұқсат береді, бұл ретте осы жұмысқа авторлық белгісі және осы журналдағы бірегей жарияланымға сілтеме міндетті түрде көрсетілуі керек. Осы әрекеттердің барлығы үшін журналға сілтеме көрсетілген кезде авторлардың немесе баспагердің рұқсаты талап етілмейді. Авторлар өз мақаласын басқа дереккөздерде осы журналдағы түпнұсқалық жарияланымна міндетті түрде сілтеме жасай отырып тарату құқығын сақтайды.

Мүдделер қақтығысы

Редакторлар мен рецензенттер ұсынылған қолжазбалардан алынған, жарияланбаған деректерді автордың жазбаша келісімінсіз өздерінің жеке зерттеулерінде пайдалана алмайды. Рецензиялау барысында алынған және пайдалануға ықтималдығы бар ақпарат немесе идеялар құпия сақталуы және жеке мақсаттарда пайдаланылмауы тиіс. Рецензенттер авторлармен бәсекелестік, бірлестік және басқа да өзара іс-қимыл мен қатынастары бар болған жағдайда, сондай ақ ұсынылған жұмысқа компаниялардың немесе басқа да ұйымдардың қайсы бірімен мүдделер қақтығысы бар болса қолжазбаларды рецензиялауға қатыспайды.

Құпиялылық саясаты

«Педагогика және психология» журналының редакциясы тағайындалған рецензенттерді, қарауға қабылданған қолжазба туралы мәліметтерді ол жарияланғанға дейін үшінші тұлғаларға жария етпейді. Сондай-ақ, редакция авторларға және өзге де тұлғаларға рецензенттер туралы мәліметтерді жарияламайды. Жариялау процесіне қатысушылардың мінез-құлқының барлық нормалары, атап айтқанда авторлардың, редакциялық алқа мүшелерінің, баспагердің және рецензенттердің мінез-құлқының қағидаттары, нормалары мен стандарттары жарияланымдар этикасына негізделеді.

Мақалаларды түзету және пысықтау тәртібі

Егер мақалаға берілген рецензияда оны түзету қажеттігі туралы қорытынды болса, онда мақала авторға пысықтауға жіберіледі. Рецензияда мақаланы түзету және пысықтау бойынша ұсыныстар болған жағдайда, жауапты хатшы авторға оларды мақаланың жаңа нұсқасын дайындау кезінде ескеру немесе оларды (ішінара немесе толық) жокқа шығару ұсынысымен рецензия мәтінін жібереді. Автор пысықтаған (қайта өңдеген) мақала қайта рецензиялауға жіберіледі және жалпы тәртіппен қаралады. Рецензент жариялауға ұсынбаған мақала қайта қарауға қабылданбайды. Рецензенттің пікірімен келіспеген жағдайда мақала авторы редакцияға өз қолжазбасын апелляциядағы тиісті дәлелдермен басқа рецензентке рецензиялауға жіберу туралы уәжді өтінішімен жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда журналдың редакциялық алқасы қолжазбаны қайта рецензиялауға жібереді немесе авторға уәжді бас тартуды ұсынады.

Ретракция

Жарияланымнан мәтінді алып тастау - журналдан немесе дерекқордан бұрын жарияланған ғылыми мақаланы қайтарып алу процесі. Бұл жарияланымда елеулі проблемалар анықталған жағдайларда қолданылатын ауыр шара. Ретракцияның негізгі себептеріне мыналар жатады: деректерді бұрмалау немесе жасанды түрде жасау фактісінің анықталуы, плагиат, зерттеу нәтижелеріне күмән келтіретін өрескел әдіснамалық қателер, жарияланымның қайталануы, зерттеу жүргізу кезінде этикалық нормалардың бұзылуы, сондай-ақ жариялау кезінде ашылмаған мүдделер қақтығысы. Ретракция ғылымдағы өзін-өзі түзету тетігі ретінде қызмет етеді, ғылыми әдебиеттің тұтастығын және ғылыми жарияланымдар процесіне деген сенімді сақтауға көмектеседі.

Баспа өз шешімінің себебін негіздеген мақала авторының/авторлар ұжымының ресми сұрауы бойынша, сондай-ақ журналдың редакциялық алқасының өз сараптамасы немесе редакция алған ақпарат негізінде шешімі бойынша ретракция (жарияланымды қайтарып алу) жүргізеді. Редакция авторға (ұжымдық авторлық болған жағдайда хат-хабар алмасатын авторға) мақаланың қайтарып алынғаны туралы хабарлауға және оның себептерін негіздеуге міндетті. Журналдың электрондық нұсқасынан және мұрағаттан мақалаларды механикалық жою жүргізілмейді, қайтарып алынған мақалалардың

мәтіндері бұрын болған жерде қалады, бірақ мәтіннің электрондық нұсқасында RETRACTED/қайтарып алынды деген белгі және ретракция күні көрсетіледі.

Мақала ретракцияланған (қайтарып алынған) жағдайда, авторлар жариялау үшін төлеген ақша қайтарылмайды. Баспа шығындары мен рецензиялау процесіне жұмсалған шығындар жарияланымды қайтарып алу себептеріне қарамастан өтелмейді.

КӨШІРІП АЛУ ЖӘНЕ ПЛАГИАТ

«Педагогика және психология» журналының редакциясына келіп түскен барлық мақалалар «Антиплагиат» (*Лицензия*) және Turnitin жүйесінде тексеруден өтеді. Көптеген заңсыз иемденулер анықталған жағдайда редакция автор(лар)ға заңсыз иемденулердің бар екендігі туралы хабарлайды және мақаланы қабылдамайды.

Түпнұсқалығына қойылатын талаптар:

Антиплагат жүйесінен өту деңгейі -75%

Turnitin жүйесі: сәйкестіктің рұқсат етілген деңгейі - 25%-дан аспайды.

Авторларға арналған нұсқаулық

Мақалалар «Педагогика және психология» журналының веб-сайты арқылы (<https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped>) электронды форматта ағылшын тілінде ұсынылады. Файл атауында автордың аты жөні, тегі көрсетіледі (бірлескен авторлар болса - бірінші автордың тегі). Бұл үшін сайтта тіркелу қажет (*[https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/user/register?source*="](https://journal-pedpsy.kaznpu.kz/index.php/ped/user/register?source*=)) немесе "кіру" түймесі арқылы қолданыстағы аккаунтқа кіру керек. Бір автор (соның ішінде бірлескен автор ретінде) жылына екі реттен артық мақала бере алмайды. Мақалаларды автор келесі форматтарда жүктейді:

MS Word – толық мақала;

MS Word автордың, бірлескен авторлардың аты-жөнін көрсетпей – рецензиялау үшін;

PDF – антиплагиат жүйесі үшін.

Қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі – 12, туралау – мәтін ені бойынша, интервал – бір, абзац – 1 см, жиектері: жоғарғы және төменгі – 2 см, сол жақ – 3 см, оң жақ – 1 см. Кестелер, диаграммалар және суреттер өңделетін форматта ұсынылады. Кестелер мен суреттердің саны ұсынылған мақаланың жалпы көлемінің 20%-ынан аспауы керек. Қаріп – Times New Roman, қаріп өлшемі – 10. Кестелер мен суреттерді рәсімдеуді мақала үлгісінен қараңыз.

МАҚАЛАЛАРДЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

FTAMP (ғылыми-техникалық ақпараттың мемлекетаралық рубрикаторы), код 14: ХАЛЫҚ АҒАРТУ. ПЕДАГОГИКА

Авторлардың аты-жөні, жұмыс (оқу) орны, қаласы, елі ортада (кіші әріптермен курсивпен); (Корреспондент автор* белгісімен белгіленуі керек)

Мақала атауы (7-12 сөз), бас әріптермен, ортада.

Аннотация кемінде 100 және 300 сөзден аспауы керек.

Кілт сөздер/сөз тіркестері (5-7 сөз).

Кіріспе (тақырыптың негіздемесі, зерттеудің мақсаты мен гипотезасы (зерттеу сұрағы).

Материалдар мен әдістер (зерттеу дизайны, деректерді жинау және талдау әдістері).

Нәтижелер (зерттеудің негізгі нәтижелері, оларды түсіндірмей).

Талқылау (нәтижелерді түсіндіру, олардың маңыздылығын талқылау, зерттеу шектеулері және болашақ зерттеулердің мүмкін бағыттары).

Қорытынды (зерттеу нәтижелерін қорыту).

Пайдаланылған дереккөздер тізімі APA 7 Style стандартына сәйкес рәсімделеді (<http://www.apastyle.org/> әліпби ретімен. Әдебиеттер тізімі кемінде 15 және 40-тан аспайтын дереккөзден тұруы керек, оның 50%-дан астамы – соңғы 3-5 жылдағы дереккөздер, соның ішінде Scopus (процентиль кемінде 75) және Web of Science (кемінде 1 және 2 квартиль – Q1-Q2) дерекқорынан кемінде 2 дереккөз.

Әдебиеттер тізімінде кириллицада ұсынылған жұмыстар болған жағдайда, романдандырылған әдебиеттер тізімін жасау қажет (транслитерация үшін <http://www.translit.ru> пайдалану). Мақала көлемі (FTAMP - ғылыми-техникалық ақпарат мемлекетаралық рубрикаторы, атауы, авторлар туралы мәліметтер, андатпа және кілт сөздерді есептегенде) кемінде 2100 және 5000 сөзден аспауы керек.

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАРНАСЫ

Авторлар әр мақала үшін 30 000 (отыз мың) теңге төлейді. Бағаға мыналар кіреді: мақаланың жариялануына ақы төлеу, DOI нөмірін беру, авторларды Crossref базасында тіркеу.

Төлем Абай атындағы ҚазҰПУ-дың банк реквизиттеріне НЕМЕСЕ Каспи.кз қосымшасы арқылы ақша аудару арқылы жүргізіледі.

1. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың банк реквизиттеріне «мақала жариялау үшін төлем» белгісімен төлем жасау:

КЕАҚ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

БИН 031 240 004 969

АО "БанкЦентрКредит"

Расчетный счет KZ178560000000086696

Кбе 16

Банк БИК: КСЖВКЗКХ

2. Каспи.кз қосымшасы арқылы төлеу алгоритмі:

Төлемдер

ҚазҰПУ

Институт (қызметкерлерге/басқа тұлғаларға ақы төлеу)

Курс (қызметкерлерге/басқа адамдарға төлемдер)

Төлем түрі (мақаланы жариялау)

Комментарийде "Мақала жариялау үшін төлем" деп көрсетіңіз

Төлем туралы чек журналдың техникалық хатшысының WhatsApp нөміріне жіберіледі.

«Педагогика және психология» журналының
бас редакторы



Ұ. Әбдіғаббарова